



Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

gazeta_eltilegi@mail.ru

ЕЛ ТІЛЕГІ

№10 (814) Сәрсенбі 8 наурыз 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

СЕНАТ ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаевты қабылдады.

Президентке жоғарғы палатаның заң шығару қызметі туралы баяндалды. Сенаттың Парламенттегі қызметі бағаланды, қабылданған. Оның ішінде еңбек дауларын шешу, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, цифрлық активтер, сондай-ақ Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдар қаралған.

Мәулен Әшімбаевтың мәліметі бойынша қазіргі уақытта Сенатта Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген маңызды заң жобалары қаралып жатыр. Атап айтқанда, алдағы кезеңде 2023 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылауды, Әлеуметтік кодексті, сондай-ақ әкімшілік реформа, адам құқықтары және азаматтардың алдын алу, мемлекеттік қызмет мәселелеріне қатысты заң жобаларын қарастыру жоспарланып отыр.

Президентке палатаның сот жүйесін реформалау және процессуалды заңнаманы жетілдіру жұмыстары туралы

ақпарат берілді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын орындау аясында Сенатта жұмыс тобы құрылған. Бұл топ 60-тан астам отырыс өткізіп, 350-ге жуық ұсыныс жинаған. Аталған жұмыстың нәтижесінде екі заң жобасы әзірленді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына Сенат жұмысындағы өңірлік күн тәртібін нығайтуға, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің идеяларын ілгерілетуге бағытталған іс-шаралар таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізді әлеуметтік-экономикалық тұрғыда кешенді дамыту жөніндегі реформаларды одан әрі қолдауға бағытталған заңнамалық қызметті жалғастыру қажет екенін атап өтті.

Жаңа еңбек туралы баяндалды. Мемлекет басшысы Заманауи зерттеулер институтының директоры Мұхит-Ардагер Сыдықназаровты қабылдады.

Кездесуде Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Заманауи зерттеулер институтының директоры, саяси ғылымдар докторы, профессор Мұхит-Ардагер Сыдықназаров Президентке өзінің «Қазақстанның үзілсіз

мемлекеттілігі тарих толқынында. XVI-XIX ғасырлардағы еуропалық және америкалық карталардағы Қазақ мемлекеті» атты жаңа еңбегі туралы баяндалды.

Оның айтуынша, 1465 жылы Қазақ хандығы құрылған кезден бері мемлекет атауы Батыс елдерінің озық картографиялық баспаларынан шыққан атлас карталарынан қалыс қалып көрмеген. Олардың арасында Америка Құрама Штаттары, Бельгия, Англия, Франция, Италия, Германия және басқа да мемлекеттерде басылған карталар бар. Аталған еңбекте мемлекеттіміз анық көрсетілген және орта ғасырлардан, яғни 1562 жылдан бастап 1879 жылға дейінгі кезең қамтылған. Барлығы – 130 карта. Автор кітаптың Бельгия баспасынан шығуын бельгиялық нидерландық картографтар Қазақ мемлекеттілігін алғашқылардың бірі болып картаға түсірумен байланыстырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Мұхит-Ардагер Сыдықназаровтың еңбегіне жоғары баға беріп, еліміздің барлық өңірінде және халықаралық іс-шараларда арнайы көрмелер ұйымдастыру қажет екенін айтты.

Облыс әкімінің құттықтауы

Ардақты аналар!

Аулы әпке-қарындасстар!

Қыр қызалдағандай қырмызы қыздар!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын!

Жыл сайын көрікті көктем келіп, Жер-ана түрленгенде, тіршілік бастауы мен әдеміліктің үйлесімді әйелдер мерекесін атап өтеміз.

Нәзік жандардың қоғамдағы орнын, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін бағамдап, құрмет көрсетеміз. Әр үйдің жылуы мен жарығы, бағы мен берекесі болған жандарды құттықтаймыз.

Тәуелсіз елімізде отбасы институтының өркендеуіне, көпбалалы аналарды, кәсіпкер әйелдерді қолдауға, гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге басымдық беріліп келеді.

Бүгінде аймақтағы білім, денсаулық сақтау, мәдениет, мемлекеттік қызмет салаларында әйелдер үлесі басым. Олардың белсенді, тындырымды еңбегіне абыройға ие. Шаңырақтың түтінін түзу ұшырып, өмірге ұрпақ әкелумен қатар қоғамдағы орнын да нықтаған жандар үлгі тұтуға лайық.

Гүл көктемнің шырақты мерекесінде барицаңызға зор денсаулық тілеймін. Отанымыздың бір бөлігісіз – отбасында бақтаңқа бәленің, еңбекте, кәсіпте табысқа кенеле беріңіздер!

Әйелдер мерекесі әлемді әдемілігімен әрлендірсін, әсерімен әлдилесін!

Құрметпен,
облыс әкімі
Нұрлыбек Нәлібаев



ҚЫЗМЕТТІК ӘДЕПТІ САҚТАУ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ МІНДЕТІ

Мемлекеттік қызметшілерге қойылатын стандарттар Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінде қарастырылған. Аталған Кодекске 2022 жылдың 22 ақпанында Қазақстан Республикасы Президентінің №814 Жарлығымен өзгерістер енгізілді.

Жаңа редакцияда Кодекстің құрылымы өзгертіліп, онда мемлекеттік қызметтің әдептік қағидалары мен мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттары енгізілді.

Әдеп кодексі 5 бөлімнен тұрады, оның ішінде мемлекеттік қызметшілердің әдептік қағидалары айқындалған адалдық, әділеттік, ашықтық, адал ниеттілік, сыйпайлық және клиентке бағдарлану. Бұл ретте мемлекеттік қызметшілер мұң-мұқтажын айтқан қарапайым халыққа тиісінше сапалы жауап беріп, жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын екенін көрсетіп, өзінің қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге, халықтың сұранысына сай қызмет көрсетуі тиіс. Аталған қағидалар мемлекет басшысының "халық үніне құлақ асатын мемлекет" тұжырымдамасын жүзеге асыруға, сондай-ақ қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте қарым-қатынастың жоғары мәдениетін және парасаттылық атмосферасын қалыптастыруға толықтай ықпалы ететіні сөзсіз. Мұнымен қоса, қолданылып келген Әдеп Кодексінде мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік бейнесімен қатар, олардың лауазымдық міндеттерін сапалы орындау және мемлекеттік қызметке байланысты өзге де ережелер мен шектеулерді сақтау көзделген.

Жоғарыда аталған жаңа Әдеп кодексінің түсіндіру және кодекс талаптарының қатаң сақталуын бақылау бағытында персоналды басқару қызметі мен Әдеп жөніндегі уәкілдер тиісті шаралар қабылдау қажет. Дегенмен, мемлекеттік қызметшілердің қызметі Кодексте белгіленген талаптар аясында жүзеге асыру қажеттілігіне қарамастан, соңғы кезде мемлекеттік қызметшілер тарапынан әдеп бұзушылықтар жасау фактілері көбейген. Мысалы, 2022 жылдың 12 айында 596 мемлекеттік қызметші тәртіптік жазаға тартылды. Оның ішінде, Кодекс талаптарын бұзғаны үшін 3 мемлекеттік қызметшіге, ал мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жол бергені үшін 5 қызметшіге тәртіптік жаза қолданылды. Бұдан бөлек, Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің шешімдері негізінде Кодекс талаптарын бұзғаны үшін 11 мемлекеттік қызметші, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жол бергені үшін 22 мемлекеттік қызметші әр түрлі тәртіптік жазаларға тартылған. Мысалы, Қамыстыбас ауылдық округінің әкімі А.Т. Азаматша Б.Тлеубайқызымен қарым-қатынаста әдептік танытпай, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол берген. Осыған орай, аталған тұлғаға қатысты тәртіптік іс қозғалып, қызметтік тергеу-тексеру жұмыстары жүргізіліп, Әдеп жөніндегі кеңес отырысында қаралып, тиісті жаза қолданылды.

Мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын бұзушылықтарының негізгі себебі, олардың тек қана құқықтық сауаттылығының төмендігі емес, мемлекеттік органдардың әдеп жөніндегі уәкілдердің әлсіз қызметі болған. Бұл институттың бізге енгізілгеніне 7 жылдан астам

уақыт өтсе де ол өз деңгейінде жұмыс жатқан жоқ. Оған дәлел, 2021 жылды әдеп нормаларын сақтамау фактілеріне қатысты Кеңесте небәрі 7 тәртіптік іс қаралса, 2022 жылы қаралған істердің 36%-ға (11 тәртіптік іс) арқандығы, ал мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасаушылардың да санының 62%-ға артуы. Мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың 50%-ы мемлекеттік сатып алу заңдылықтарын сақтамау бойынша қаралған тәртіптік істер. Әрбір мемлекеттік органда осы бұзушылықтар белең алып жатса, онда сол мемлекеттік органның әдеп жөніндегі уәкілі өз деңгейінде жұмыс жасамайды деп бағалауымыз қажет.

Мемлекеттік органдардың Әдеп жөніндегі уәкілдерінің институты мемлекеттік қызмет және сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамалардың, және Кодекстің бұзушылықтарының алдын алу және қызметтік әдеп нормаларын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында енгізілген. Олардың жүзеге асыратын негізгі функциялардың бірі – мемлекеттік қызметшілерге консультативтік көмек көрсету. Мұндай көмек мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы және мемлекеттік қызметшілер әдебінің кез келген мәселелері бойынша көрсетілуі мүмкін. Сонымен қатар, әдеп жөніндегі уәкілдер мемлекеттік қызметшілер тарапынан заңнамада көзделген шектеулерді және тыйымдарды сақтауды қамтамасыз етеді, ұжымда жалпы қабылданған моральдық-әдептік нормаларға сәйкес келетін қарым-қатынаста мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Алайда, өкінішке орай, әдеп жөніндегі уәкілдерге кең қызыреттер берілгенімен, аталған қызыреттер олардың тарапынан толық көлемінде пайдаланылмайды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасы және Әдеп кодексінің бұзу профилактикасы және оған жол бермеу, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің оң бейнесін қалыптастыру мақсатында азаматтық қоғам институттарымен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жұмыстары жүргізілмейді. Сондықтан, әдеп жөніндегі уәкілдерге осы бағытта жұмысты күшейту мақсатында пәрменді шараларды қабылдау қажет. Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңес отырыстарында үнемі түрде мемлекеттік органдардың әдеп жөніндегі уәкілдерінің есептері тыңдалады, нәтижесімен оларға түсіндірме жұмыстарын жандандыру жөнінде ұсыныстар беріледі.

Әдеп жөніндегі уәкілдердің белсенді жұмысы, олардың өздеріне берілген функцияның барлық тетіктерін пайдалануы мемлекеттік қызметшілер арасындағы бұзушылықтар санын едәуір төмендететіні сөзсіз.

Т.НУРТАЕВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері
Агенттігінің Қызылорда облысы
бойынша департаментінің
Мемлекеттік қызмет саласындағы
бақылау басқармасының басшысы

АНАЛАРҒА БІР РЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫ ТӨЛЕНЕДІ

Әйелдер мерекесіне орай Павлодар, Ұлытау, Қарағанды, Түркістан, Абай өңірлерінде көпбалалы аналар мен атаулы көмек алатын отбасыларға бір реттік жәрдемақы төленеді. Бір реттік төлемді жергілікті әкімдіктер өздері белгілейді. «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері, 11 673 ана 17 720 теңге көлемінде ақша алады. «Көпбалалы аналар және соның ішіндегі табысы аз азаматтарға 2,5 АЕК, 8625 теңгеден, әлеуметтік көмек төлем жүргізу жоспарлануда. Қазіргі уақытта Астана қаласы бойынша 30 мыңға жуық ананы қамтимыз деп отырмыз», – деді әлеуметтік жәрдемақылар тағайындау бөлімінің басшысы Болат Жұмаділ.

Бұл төлем жәрдемақы алып жүрген азаматтардың шотына автоматты түрде аударылады.

ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Арал

АРАЛДА ЖАҢА ЖОБАЛАР БАСТАЛДЫ

Арал ауданының әкімі Серік Сермағамбетов жұмыс сапарымен бірнеше ауылдарды аралады. Аудан басшысы алдымен Аманоткел ауылдық округіне қарасты Аққұлақ елді мекенінде болып, жол құрылысының барысымен танысты. Ауылдықтардың ұзақ жылдан бері көтеріп келе жатқан өзекті деген жол мәселесі биыл шешімін табуда.

Жалпы ұзындығы 8 шақырымды құрайтын ауылға кіре беріс автомобиль жолының қаржысы республикалық бюджеттен қолдау тауып, жеңілпаз мердігер мекеме анықталды. Жобаның жалпы құны – 688,4 млн. теңгені құрайды. Қазіргі уақытта тиісті жұмыстарды атқаруға бюджеттен Республикалық бюджеттен 205 млн. теңге қаржы бөлінді. Құрылысты «Строй Модуль – Астана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізетін болады. Ауыл ақсақалдары ел үшін ақжолтай жаналыққа ризашылығын білдіріп, батасын берді. Серік Сағитжанұлы жауапты бөлімге құрылысты сапалы әрі уақытылы орындауды тапсырды.

Жаңақұрылыс ауылдық округіндегі 21 шақырымды құрайтын «Самара-Шымкент-Қамыстыбас-Аманоткел-Жаңақұрылыс» автожолының құрылыс барысын бағамдады. Нысанның жұмыстары 2021 жылы бастау алды. Жобаның жалпы сомасы 1 млрд. 534 млн теңгені құраса, тиісінше 2021 жылы 225 млн теңге, 2022 жылы 680 млн. теңге бөлінсе қалған 458 млн теңгесі биыл қаралған. Бүгінде жолдың астыңғы қабақ жұмыстары толығымен аяқталып, қазіргі таңда қалған жұмыстар жалғасуда. Ағымдағы жылы автожол пайдалануға беріледі.

Жұмыс сапары барысында аудан әкімі С.Сермағамбетов 2022-2024 жылдарға арналған «Ауыл шаруашылығын дамытудың Жол картасының» орындалуын саралады. Соған сәйкес бүгінде ауданда ілімді істер атқарылады. Мәселен 2022 жылы ауданда 704,2 гектар егін орналастырылса, биыл егін көлемін 1500 гектарға арттыру көзделуде. Аталған жол картасына орай Қамыстыбас пен Аралқұм ауылдық округтері әкімдіктері бірлесіп Қамыстыбас көлінен Тоқпай көлі тоқтыру бағытында жасалған каналдың жұмысымен танысты. Бұл гидронисан бюджеттен тыс қаржы көздерінен, яғни кәсіпкерлердің қолдауымен жүзеге асқан. Нәтижесінде Аралқұм ауылдық округі тұрғындарының егін шаруашылығымен және тоғанды балық шаруашылығымен айналысуына мүмкіндік туындауда. Тиісінше бекітілген жерлерді игеруге инвестор тарту көзделуде. Аудан әкімі ауыл тұрғындарымен кездесуде іске қосылған канал арқылы ендігі кезекте ауыл шаруашылығымен айналысатын шаруалардың көбейтетіндігін жеткізді. Сондай-ақ диханшылықпен айналысамын деушілерге мемлекеттік қолдаулар мен бағдарламалардың тиімділігін түсіндіріп, баға тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында жергілікті өнімнің маңыздылығына тоқталып, ауылдықтардың бастамаларына сәттілік тіледі.

Қазалы

СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗЕҢІНЕ ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Өткен аптада аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың төрағалығымен су тасқыны кезеңіне дайындық туралы мәжіліс өтті.

Мұздың жағдайы мен қорғаныс бөгеттерінің жағдайын күнделікті бақылауда ұстау қажеттігін айтқан аудан басшысы бірқатар тапсырмалар берді. Кеңс. қала, ауылдық округ әкімдеріне Сырдария өзенін өз аумақтары бойынша бақылауды күшейтіп, қажеттілігіне қарай тәуліктік кезекшіліктер ұйымдастыруды тапсырды. Сондай-ақ, тиісті сала басшыларын төтенше жағдайды болдырмау бағытында жұмыла жұмыс жасауға шақырды.

Шиелі

ТОП ЖАРҒАН ӘЖЕЛЕР АНСАМБЛІ

Ғасырлар бойы әуезді үнде әуелей шырқалып келе жатқан халқымыздың әсем әуендері бүгінде өнер әлемінің баға жетпес қазынасына айналған. Осы бір дәстүрді жалғап, тарихы тереңде жатқан қазақ әндерін көпшілік алдында паш етіп жүрген өнерпаздардың қатарында Бәйгекұм ауылының әжелерінен құралған ансамбль де бар. Бойдағы тамаша таланттынан бөлек ұрпақтан ұрпаққа ұласып, ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан тәрбиенің қайнар көзін келешек өскінінің бойына дарытуды мақсат еткен ақ жаулықтылар ансамблінің құрылғанына биыл 15 жыл толды. Осы тақырып аясында Бәйгекұм ауылдық клубында «Ақ әжем, алтын қазынам» әжелер ансамблінің мерейтойына арналған «Той бастап, топ жарған әжелер» атты аудандық есеп беру концерті өтті. Дәстүрге сай көрініс пен әжелердің әдемі әнімен басталған мерейтойды ауыл әкімі Дәулет Абжанбаров арнайы құттықтау сөзімен ашып берді. Бұдан кейін концерттік бағдарламаға кезек беріліп, көрермендер «Ақ әжем, алтын қазынам» әжелер ансамблінің орындауындағы әндерге қанық болды. Шара барысында халық әндері, қазақтың белгілі композиторларының туындылары орындалып, қазақ дәстүрлерінен кішігірім қойылымдар қойылды. Концерт соңында кеш қонақтары қорытынды сөз сөйлеп, әжелерге табыс тілеп, ақ тілектерін жаудырды.

Көмейіне бұлбұл ұялаған таланттарды жинаған «Ақ әжем, алтын қазынам» ансамблінің құрамы өнерлі сегіз әжеден тұрады. Ондағы Нағима, Нұржамал, Қараша, Оразқұл, Гүлжахап, Гүлдария, Айгүл, Базарқұл секілді жандардың барлығы – бір-бір биік тұлға, он саусақтарынан өнер тамған шебер де ісмер кісілер. Әр өнер байқауына қатысардағы өздерінің қолынан шыққан киім үлгілері соның бір айғағы болса керек. Бүгінде әулетінің киесі, берекелі шаңырақтың иесіне айналған ақ жаулықты жандардың өнері көптің қолдауын тауып, өнегесі халқымыздың мәдениеті мен әдет-ғұрпының биік үлгісінен көрініс беріп жүр.

ҚОҒАМ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТӨЗБЕУ КЕРЕК

Жемқорлық – біздің елімізде де кең етек алған ауқымды мәселе. Бұл қазіргі қоғамға, ел болашағына тәуір тұрған қауіп-қатер. Әрине, аталмыш жанан індеттен құтылу, күресу барша халыққа ортақ міндет. Сондай-ақ, әр мемлекет сыйбайлас жемқорлықпен өзінше күресетіні сөзсіз. Барлық елдер үшін онтайлы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің бірыңғай тетігі жоқ. Дегенмен, әр ел қабылдаған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әдістерінің ерекшелігі тек саяси және экономикалық, тұрақтылыққа ғана емес, халықтың салт-дәстүріне, діни ерекшеліктеріне және құқықтық мәдениетінің дәрежесіне де байланысты. Сыйбайлас жемқорлық – әдетте лауазымды адамның өзіне сеніп тапсырылған өкілеттіктері мен құқықтарын, сондай-ақ, осы лауазымдық мәртебеге байланысты заңға және моральдық принциптерге қайшы келетін жеке басының қажеттігіне пайдалануын білдіретін термин. Аталған адамның заң бұзуының себептері көбіне: ашкөздік, моральдық қағидалары жоқтығы, қоғамды сыйламаушылық, жалақының аздығы, әлеуметтік қысым. Ал, пара беретін адам тарапынан оның себептері: заңды

білмеу және шенеулік тарапынан қысым көрсету, моральдық ұстанымдардың жоқтығы.

Қоғамда сыйбайлас жемқорлықтың пайда болуының барлық себептерімен күресуге болады және күресу керек. Өскелең ұрпақ өмірдегі барлық нәрсеге жемқорлықпен емес, өз күшімен жету керектігін білу керек. Біздің барлық мәселелермен, соның ішінде сыйбайлас жемқорлықпен күресетін білімдеріміз бар. Біздің сыйбайлас жемқорлықпен күресуге заңды мүдделілігіміз бар. Қазіргі таңда мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы функциясын құқық қорғау органдарының жұмыс тұрғысынан ғана қарау дұрыс емес. Сондай-ақ, сыйбайлас жемқорлық іс-әрекеттің алдын алуды ұйымдастырудың маңыздылығы біздер үшін яғни, мемлекеттік қызметкер үшін өте үлкен басымдыққа ие. Сыйбайлас жемқорлықпен күресу, сыбайластықтың алдын алу бұл жалпы қоғамның негізгі міндеті, азаматтық парызы. Жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру әрқайсысымызға парыз. Жас ұрпақ жемқорлыққа төзбейтін қоғамда өмір сүруге тиіс.

«Ел Тілегі»

БІТІМГЕРШІЛІК ЕЛ БІРЛІГІН АРТТЫРАДЫ

Бабаларымыз «Ерегескен ел болмайды» – деп, халықты арқашанда татулық пен бірлікке үндеген. Ұрпақтан-ұрпаққа жеткен осынау тамаша тәмсіл билер институтының ғана емес, заманауи сот жүйесінің де басты ұстанымына айналдып отыр. Бұл ретте Медиация туралы заңды айрықша атауға болады.

Татуластыру шараларын қолдану нормалары азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, т.б. кодекстерге жан-жақты ендіріліп, жұртшылыққа дау-ламайды заң аясында бітімгершілік жолымен шешу жолдарын насихаттау құзырлы орган қызметкерлеріне заңмен міндеттелді. Бұл тұрғыдағы жұмыстар соңғы жылдары соттар тарапынан қарқынды түрде жүргізіліп жатыр. Өзара келісімге келуде тараптар мен білуі тиіс деген сұрақ әркімнің көкейінде тұрады анық.

Осы мақсатта ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің нормаларына түсінімдер жасар болсақ, дау-ламайды тараптар әкімшілік процестің барлық кезеңінде реттей алады. Бұл үшін олар дауды татуласу, медиация, партициптивтік рәсімдер тәртібінде шешу келісіміне жасайды. Сондай-ақ, аталған кодекспен жауапкердің әкімшілік қалауы негізінде татуласу мүмкіндігі де қарастырылған. Әкімшілік қалау түсінігіне келсек, ол әкімшілік орган мен лауазымды адамның заңмен белгіленген мақсаттар мен шектер заңдылығын бағалауда өзіне тиімді шешімдердің бірін қабылдауын білдіреді.

Татуласу келісімдері жазбаша жасалды және онда келісілген шарттармен қоса сот шығыстары, сонымен қатар, өкілдер қызметкерлеріне жұмсалатын шығындар, мәжбүрлеу тәртібінде орындалу талаптары, т.б. толық қамтылады. Татуласу келісіміне тараптар мен олардың өкілдері қол қояды. Екі жаққа да келісім шарттарын орындау міндеті заңмен жүктелген. Егер тараптың бірі жалтарар болса, мүдделі жақ сотқа оны орындату туралы өтінішхат бере алады. Осының

негізінде соттың атқару парағы шығарылып, келісім шарттары мәжбүрлі түрде орындалады.

ӘРІП-да нақтыланғандай, дауды реттеу келісімі өзгелердің құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан тигізбейтіндей мазмұнда жасалуы қажет. Себебі, заң талаптарына қайшы келетін келісім сотпен бекітілмейді. Сондықтан, тараптар келісім шарттарын жасауда заңдылыққа баса мән беріп, барлық тәртіпті сақтағандары жөн.

Ғабит Мүсірепов «Дау қуған ел жауығар, қумағаны сауығар» дегенді бекер айтпаған. Әрбір қазақстандықтың азаматтық парызы тыныштық пен тұрақтылықты сақтау десек, дау-жанжалдың ортақ мәміле, түсіністікпен шешілуі мемлекетіміздің құқықтық саясаты мен экономикасының дамуына да айрықша ықпал етеді. Олай дейтініміз, азаматтары өзара келісімде тату тірлік кешкен елдің өмір сүру сапасы жоғары болары дәлелсіз шындай.

Бүкіләлемдік тәжірибеде медиация ірі бизнесерден бастап, жаңаулық дау-жанжалдарда, т.б. дауды мәселелерде қолданылады. Біздің елде де тараптардың сотқа дейін немесе сот барысында дауды татуласу рәсімдері арқылы бітіруіне барлық жағдай жасалған.

Бұл үшін судьялар қажетті шараларды қабылдап, бағыт-бағдар береді. Дауды медиациямен бітіруге азаматтарға кәсіби және қосымша сот медиаторлар, адвокаттар мен заң консультанттарының көмегі тиімді. Татуластыру шараларын қолдану ешкімнің де сотқа жүгіну құқығын шектемейді. Сондықтан, заңмен берілген мүмкіндікті пайдалануда белсенділік танытудың пайдасы зор.

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСЕДІ

Халықаралық «Transparency International» ұйымының мәліметіне сүйенсек, Қазақстанның жемқорлық жөніндегі көрсеткіші 180 елдің ішінде 113-орынды алып тұр. Бұған қоса елімізде сыйбайлас жемқорлыққа қатысты әр жыл сайын орта есеппен 2 мыңнан астам қылмыстық іс тіркелетінін ресми дерек растап отыр. Бұл жемқорлықпен күрес шараларын одан әрі қатайтуға талап етеді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қоғамдық бақылауды күшейту арқылы тосқауыл қоюға болатынын айтқан мемлекет басшысы үкіметке арнайы тапсырма берген еді. Осы бағытта үкімет тарапынан жүзеге асырылып жатқан ігі бастама аз емес. Солардың бастысы әрбір мемлекеттік органда қоғамдық кеңес құрылуы. Мұнымен қатар, тұрмыстық жемқорлықтың алдын алуда мемлекеттік қызметтерді цифрландыру қарқынды түрде дамытылып жатыр. Өйткені, мемлекеттік органдар қызметіне қолжетімділік жемқорлықтың алдын алуда жоғары нәтижеге жеткізеді.

Заң саласының корифейі Салық Зиманов «Сыйбайлас жемқорлықпен күресу қандай да бір нәтиже беру үшін ең алдымен соттардың тәуелсіздігі қамтамасыз етілуі керек» деген болатын. Соңғы жылдары осы мәселеге айрықша көңіл бөлініп, сот тәуелсіздігін қамтамасыз етуге жағдай жасалуда. Соттарда электронды қызмет асы кенейген. «Сот кабинеті», «Тәрелік», «Сот құжаттарымен танысу» секілді әлеуметтік халық белсенді пайдаланады. Соттар әлеуметтік желілер арқылы халықпен ашық диалог орнатуда. Жүйе жұмысы электронды сот

төрелігіне көшті. Заманауи технологияның қолданысқа енуі қай салада болмасын жариялық пен ашықтықты қамтамасыз етіп, жемқорлықты анықтауда тиімді тетікке айналды. Ғаламтор арқылы бақылау мүмкіндігі тек сот емес, сонымен қатар, жалпы мемлекеттік қызметтің жариялығын қамтамасыз етіп жатыр.

2015–2025 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стратегиясында мемлекет пен қоғамдық ұйымдардың бірігуі арқылы жемқорлыққа қарсы әдіс-тәсіл мен мәдениетті қалыптастыру көзделген. Бұл ретте, яғни, жемқорлық пен паракорлықты болдырмауда ел азаматтарының қолдауы мен жеделдігі айрықша маңызға ие. Сол себепті, сыйбайластық көрінісіне куә болған адам әлеуметтік індетке көз жұма қарамауы керек. Ол осы әрекет арқылы басқаларға үлгі болып, жемқорлықты жоюға үлес қосады.

Жемқорлық фактісі туралы хабарлайтын арнайы орталықтар (Call-центр) тәулік бойы жұмыс істейді. Оларға қоңырау шалу тегін және хабарласушы туралы ақпарат құпия түрде сақталады. Бұған қоса сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуда белсенділік танытқандарға біржолғы қаржылай сыйақы төленеді. Азаматтардың осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, теріс пиғылдылар әрекетін жедел анықтауға атсалысуын уақыттың өзі талап етіп отыр. Өйткені, ел игілігі жолында жудырықтай құмалып, сыйбайлас жемқорлыққа жол бермеу болашақты ойлар әрбір адамның міндеті.

Ғалия ОҢЛАНБЕКОВА

ТАТУЛАСУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ОРНЫ ЕРЕН

Сот жүйесін дамытуда және тиімді жұмыс жасауда реформалар тоқтаған емес. Оның ішінде соттағы татуласу институттарының орны бөлек. Себебі, бүтіндей сот жүйесі дауласқан тараптардың өзара ымыраға келгенін құп көреді. Қазіргі таңда сот саласында «Сотқа дейінгі хаттама» ұсыну арқылы бітімге келу ісі қолға алынғанына бір жылдан асты.

Жалпы, «сотқа дейінгі хаттама» жобасының қарастырылуы тараптарды ортақ келісімге келтіру мәселесіне заңды тұрғыда жан-жақты мән берілгенін көрсетеді. Сотқа дейінгі хаттама негізінде дауды бейбіт шешудің бірнеше тиімді тұстары бар. Біріншіден, хаттама толтыру тараптарға соттың құқықтық көмек көрсететінін білдіреді. Сотқа талап қою келіп түскен соң сот тараптарды заңға сәйкес татуластыру рәсіміне қатысу үшін шақырады. Сонымен бірге, тараптарға сотқа дейінгі хаттаманың үлгісін ұсынады. Осы ретте судья азаматтарға дауды бейбіт жолмен шешудің баламалы тәсілдерінің мүмкіндіктерін хабарлар етеді.

Екіншіден, тараптар сотқа

дейінгі хаттамаға өздерінің уәждерін, талап-тілектерін, сонымен қатар іс бойынша дәлелдеме құжаттарын ұсынады. Азаматтық процестік кодекстің 73-бабына сәйкес дәлелдемелерді тараптар және іске қатысатын басқа да тұлғалар бірінші сапыдағы сотқа олар сотқа дейінгі хаттаманы жасай отырып, талап қоюды қабылдаған кезде ұсынады, онда тараптардың және іске қатысатын басқа да тұлғалардың өздерінің талаптарының немесе қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасауға және істі сотта қараған жағдайда оларды пайдалануға ниет білдірген дәлелдемелерді ашу, ұсыну және алмасу бойынша әрекеттері көрсетіледі.

Үшіншіден, ақылға қонымды

әрі ойлануға тиімді уақыт. Осыған дейін сотқа дейінгі татуласу рәсімдері талап қою келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүргізілетін болса, сотқа дейінгі хаттама жобасы қолға алынғалы бері ол он күнге ұзарды. Себебі, бес жұмыс күні ішінде тараптарды шақыру, олармен сұхбат жүргізу, бітімгершілікке келу бойынша ойлану, өздерінің ұсынысын келтіру уақыт жағынан көптеген қиыншылықтар тудырған болатын. Ал ол он жұмыс күніне ұзарғалы бері осы процедураларды жасау үшін уақыт жеткілікті. Сонымен қоса, егер сотқа дейінгі хаттама жасалатын болса, әңгімелесу 15 жұмыс күні ішінде тағайындалады. Төртіншіден, сот шығыстарын реттеуге үлкен мүмкіндік. Егер тараптар татуласуды қандай да бір түрмен дауды аяқтайтын болса, талап қою үшін төленген мемлекеттік баж сот ұйғарымымен өзіне кері қайтарылады. Сонымен қоса, егер тараптар өзара келіскен болса өзге де сот шығыстарын дауламдауға немесе оның мөлшерін азайтуға

құқылы. Осы ретте татуласу рәсімдерін жүргізу барысында талап қоюшы өзінің талабының бір бөлігінен толықтай бас тартуға немесе талап мөлшерін азайта алатынын ескерген жөн. Бесіншіден артық шығындардан, дауласқан тараптардың бір-біріне деген жеккөрушілік сезімінен сейілетеді. Өйткені, тараптар сот отырыстарына бірнеше мәрте қатысу үшін жол жүруге, сараптама жүргізуге, басқа да дәлелдемелер ұсынуға шығындалатыны белгілі. Бұл жерде дау сотқа дейін реттелетін болса, шығын мөлшері айтарлықтай аз болатыны сөзсіз. Сондай-ақ, тараптарға бұрынғы қарым-қатынасты сақтап қалуға мүмкіндік береді. Осы жасалынған жанашылдықтар дауды мейлінше азайтуға, қоғамда татуластық пен тұрақтылық орнатуға бағытталғанын ескерген жөн.

А.АБДУЛЛА,
Қызылорда қалалық сотының судьясы

ҚАРЫЗ АЛАРДАН БҰРЫН, БЕРЕРІНДІ ОЙЛА!

Қазір елімізде қарызды ойланбай алып, қайтаруға келгенде қиналып жүрген азаматтар аз емес. Біреу табыс көзінен айырылып, отбасын асырау үшін несие алып, қарызға батса, біреу соңғы үлгідегі телефонды қарызға алып, несиемен өтей алмай жүр. Соңғы кезде қазақ жігіттерінің арасында ойынқұмарлар көбейіп, өзін де, отбасын да қарызға кіргізіп, оны қайтара алмай жүрген жағдайлар белең алып барады.

Шарасыз жандарды қолдауда 2022 жылғы 30 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заңның маңызы зор. Ол 3 наурыздан бастап күшіне енеді. Заңның қарызға батқандарға қандай пайдасы бар, соны талқыласақ.

Несиеден төлей алмай жүрген адам соттан тыс және сот арқылы өзін банкрот деп жариялай алады. Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдануға негіздер Азаматтарға арналған үкімет корпорациясы арқылы уәкілетті органға азаматтар өзін банкрот деп жариялау туралы арыз бере алады. Бірақ қарызы бар адамның бәрі мұндай арызбен жүгіне алмайды. Тек арыз бергенге дейін айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 1600 еселенген мөлшерінен аспайтын қарызы бар адамдар (биылғы жылға АЕК – 3450 теңге, яғни 1600x3450= 5 520 000 теңгеге дейін қарызы бар және оны өтей алмай жүрген адамдар) бере алады. Бірақ олардың:

- 1) ортақ меншіктегі мүлкіті қоса алғанда, меншік құқығында мүлкі болмауы керек. Бұл жерде еліміздегі мүлкіті басқа адамның атына ауларға болмайтынын ескерген жөн. Борышкердің үш жылға дейінгі кезеңдегі қаржылық жағдайы, оның мүлкі мен міндеттемелері тексеріледі;
- 2) кредиторлар (банк, микрокредит жүйесі, қарыз беруші ұйымдар) алдындағы міндеттемелері (яғни қарыздары) арыз берілген күнге дейін қатарынан он екі ай бойы өтелмеуі керек;
- 3) кредиторлар мен борышкердің арасында қарыз

шартындағы міндеттемелерді орындату үшін қандай да бір рәсімдер жүргізілуі керек. Яғни, мерзімі өткен берешек туындаған кезден бастап 18 айдан аспайтын мерзімдерде бұл шаралар жүргізілуі қажет. Мысалы, борышкер кредиторға барып, қарызын төлей алмайтынын растайтын құжаттар өткізсе немесе төлем кестесіндегі ай сайын төлейтін соманы азайтуды сұрап өтініш беріп, бірақ оған кредитор келіспей қойса, яғни борышкердің қолында осындай рәсімдердің жүргізілгені туралы қандай да бір дәлел болуы керек; 4) арыз берілген күнге дейін жеті жыл бойы соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсім қолданылмауы керек. Бұлардан бөлек, егер борышкер арыз берілген күнге дейін алты ай ішінде мемлекеттік атауды әлеуметтік көмек алушы болып табылса, ол 2) тармақшаның ережесіне қарамастан, арыз бере алады. Яғни, қарызы кредитордың алдында 12 ай бойы өтелмеуі керек деген шарт, атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдарға қолданылмайды. Егер міндеттемелерді орындамау мерзімі арыз берілген күнге дейін бес жылдан асса, жоғарыда көрсетілген шарттарды сақтамай-ақ борышкер осындай арыз бере алады.

Қажетті құжаттар
Арызында борышкерлер кредиторлардың атауын, қарыз сомасын, тұрған жерлерінің тізімін көрсетуі керек. Арызға қосымша ретінде қарыз шарты бойынша берешекті реттеуді және өндіріп алуды жүргізу жөнінде шаралар қабылданғанын растайтын құжаттардың көшірмесін береді. Егер кредиторлар қарыз



шартының талаптарын өзгертуден бас тартса, не себептен бас тартқаны туралы көрсетілген жауаптары қоса берілуі керек.

Соттан тыс банкроттық
Уәкілетті орган борышкердің арызды электрондық порталға тіркелгеннен кейін 6 айдың ішінде банкроттық рәсімін жүргізеді. Бұл уақыттың ішінде борышкер көрсеткен кредиторлар алдындағы борыштық міндеттемесінің мерзімі өткен болып есептеледі және кредиторлардың борышкер міндеттемесін орындауды талап етуіне тыйым салынады. Міндеттеме бойынша барлық тұрақсыздық айыбы, сыйақы есебі тоқтатылады. Борышкердің жаңа ақшалай немесе мүлкілік міндеттеме алуына тыйым салынады және олардың банктік шоттарынан кредиторлардың ақша өндіріп алуына жол берілмейді. Соттың борышкерден берешекті өндіріп алу туралы шешімін орындау тоқтатыла тұрады.

Борышкерді міндеттемелерден босату

Борышкер арыз бергеннен бастап 6 ай өткен соң уәкілетті орган соттан тыс банкроттық рәсімін аяқтау және борышкерді банкрот деп тану туралы шешім шығарылады және «электрондық үкімет» веб-порталына орналастырылады.

Осы күннен бастап борышкердің арызда көрсеткен міндеттемелері тоқтатылады. Сонымен қатар, банкрот болған борышкер сол күннен бастап 5 жыл ішінде қарыздар (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа) берілмейді және ол адамдар кепіл бола алмайды.

Осы заңның аясында несие бойынша қарызы 1600 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын тұлғаларға жоғарыда көрсетілген шарттар сақталған жағдайда сотқа жүгінбей-ақ қарыздары кешіріледі. Бұл мемлекетіміздің өз азаматтарына жасап жатқан көмегі. Бірақ аталған заңды теріс пиғылды азаматтар пайдаланып, олардың өз қарыздарын кешіртуге жол берілмейді. Яғни, борышкер адамның төлем қабілеттілігі, өзінің атында немесе жұбайының атында ортақ меншік болып саналатын мүлкі бар-жоғы тексеріледі. Бар мүлкіті қасақана басқа біреудің атына аулару сияқты фактілерге жол берілмейтіндігін ескеру керек. Сонымен қатар, жеке тұлғалардан алынған қарызға бұл заң қолданылмайды.

Ата-бабамыз «Қарыз алудан бұрын, береріңді ойла!» деп босқа айтпаған.

Гүлнұр БЕКЕЖАНОВА

ЖАЗАНЫҢ МАҚСАТЫ – ТӘРБИЕЛЕУ

Қылмыс бар жерде жаза бар, ол – заңдылық. Жаза дегеніміз – сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қолданудың мақсаты – азаматтардың құқығы мен заңды мүддесін, өмірі мен қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, конституциялық құрылысты және мемлекеттің мүдделерін қастандықтан қорғау болып табылады.

Ел Президенті Қ.Тоқаев ішкі істер саласын реформалауға баса назар аударып келеді. Президенттің «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауында «Бейнебақылау жүйесін дамыту жөнінде көп айтылады. Бірақ соған қарамастан құқық қорғау органдары көбінесе өздерінің ғимараттарында құрылғысыз отырады. Түзеу мекемелеріне және полицияның қызметтік ғимараттарына жаппай бейнебақылау орнатуы тапсырамын», – деген болатын. Осы тапсырмаға сәйкес ішкі істер саласын реформалауда түрмелер мен колониядағы жағдайды жақсартуға басымдық берілуі.

Елімізде қылмыстық-атқару жүйесін дамытудың 2019–2023 жылдарға арналған «Жол картасы» жүзеге асып отыр. Осы бағдарлама шеңберінде барлық аймақтарға жазаны өтеу мекемелерінде

сотталғандардың құқықтық және әлеуметтік жағдайын түзету, цифрландыру жүйесіне көшуге бағытталған бірқатар шара жасалуда. Мысалы, түзеу мекемелеріндегі сотталғандардың арызөтініші электронды терминалдар арқылы өкілетті органға жіберіледі. Жазасын өтеуші немесе айыпталушы жеке ісі бойынша тікелей сотқа, прокуратураға және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке осы жолмен арыз-шағымын жолдай алады.

Екіншіден, жазасын өтеушілер туысқандарымен үнемі байланыста болу үшін мобильді мүмкіндік орнатылған. Бұл жүйенің бірден-бір тиімділігі, сотталушының туыстары телефон шалу үшін онлайн төлем жасайды.

Үшіншіден, қазір жазасын өтеп жатқан азаматтарға арналған электронды дүкендердің орнатылуы.

Төртіншіден, сотталғандар медициналық көмекті тегін ала алады. «Сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан бас бостандығы шектелген адамдарға, сондай-ақ ұсталған, қамауға алынған және арнайы мекемелерге орналастырылған адамдарға медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Ішкі істер министрінің № 745 бұйрығына сәйкес медициналық көмек көрсетіледі.

Бесіншіден, сотталғандардың тамақтануы ҚР Үкіметінің 28.11.2014 жылғы №1255 қаулысының №5 нормасымен жүзеге асырылады.

Алтыншыдан, орта білімі жоқ азаматтар арнайы кешкі мектепте білім алады. ҚР ІІМ-нің 2014 жылғы 18 тамыздағы №516 бұйрығында сотталғандарға негізгі орта, бастаушы, жалпы орта білім, техникалық және кәсіби білім алу туралы көрсетілген. Оның ішінде 30 жасқа дейінгілер орта білім алуға міндетті. 2021–2022 оқу жылында 28 жазасын өтеуші орта білім алуға өтініш беріп, оларға кешкі мектеп мұғалімдері офлайн форматта білім берді. Мұның бәрі – шалыс басқан жандардың түзеліп, бостандықта өз жолын табуына мүмкіндік жасайды.

А. БАЗИЛОВА



ӘРБІР ЗАҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖАЗЫЛУЫ ТИІС

Ата Заңда «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл» деп жарияланған. Яғни, ол тек қазақтардың ғана емес, этнос өкілдерінің де мемлекеттік тілі. Қандай қоғам болса да өзара түсінісу үшін ортақ тіл таңдайды, қазақ тілі – барлық қазақстандықтың ортақ тілі.



«тиіс» деп жазылған. Бірақ бұл қазақша заң мәтіндерінің түпнұсқа екенін білдірмейді. Тек аударылған мәтіннің мазмұны түпнұсқадан ауытқымайтынын аңғарса керек. Дегенмен, орыс тілінің қалыбына салынып дайындалған қазақша мәтіндердің қалыбына ұрынбауы неғайбыл. Осыдан келіп заңның қазақ тіліндегі нұсқасы қарапайым жұртқа ұғынықты бола бермейді. Тіпті, оны судьялардың өздері де әрең түсінеді. Олардың көп жағдайда орысша мәтінге сүйене отырып қазақ тілінде іс жүргізетіні баршаға мәлім.

Қазір қоғам да, адами құндылықтар да өзгерді. Ой мен сана, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар жанаруда. Бүгінгі қалыптасқан демографиялық және миграциялық үдерістерді, ұлттық сана-сезімнің өскенін ескерсек, алдағы уақытта ендігі ұрпақ қазақ тілінің мемлекеттік қолданыс аясын

тез арада кеңейтуді талап етуі – заңдылық. Осы ретте әрбір заңды тек қазақ тілінде қабылдайтын уақыт жетті деп білеміз. Өйткені, басым бөлігі қазақша сөйлейтін халыққа барлық құжаттар толыққанды түсінікті болуы үшін заңдар мемлекеттік тілде дайындалуы керек.

Жалпы, Президент айтқандай мемлекеттік тіл ұлттарлық қарым-қатынас тіліне айналып, заңның қазақша мәтіні баршаға түсінікті болуы тиіс. Қазақ тілінде жазылған заңды қарапайым халық та жақсы түсінуі қажет. Мемлекеттік тілдің заң тілі ретінде бекітіні, Ата Заңымыз рухани жаңғыратын, қазақ тілі заңның тіліне айналатын кез келді.

Рахат АКҚАСИНОВ,
Жалаған аудандық сотының бас маманы,
Қазақстан Заңгерлер одағының мүшесі

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР ЖАЗАСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Бас прокуратураның баспасөз қызметінің хабарлауынша, Алматыда «QI Trade Kazakhstan» (QaratInvest) қаржы пирамидасының 15 ұйымдастырушысы сотталды. Оның бас кеңесші Алматыда, ал өңірлерде 12 бөлімшесі жұмыс істеген.

Қаржы пирамидасына «AMAZON» (АҚШ) бүкіләлемдік алаңында сауда жасау деген атпен, сенімгерлік басқару негізінде салымшылар пайыз түрінде кіріс алу үшін ақша салып отырған. Оларға салым сомасына байланысты 96% жылдық пайда уәде етілген. Соның салдарынан 1345 азаматқа 6,3 млрд теңгеден астам шығын келтірілген. Алматы қаласы Бостандық аудандық сотының үкімімен қаржы пирамидасын ұйымдастырушыларға 6 жылдан 7 жылға дейін жаза тағайындалды. Сондай-ақ, қаржы пирамидасының халықаралық іздеуде жүрген жетекшілерінің бірі Польшадан экстрадицияланды. ҚР Бас прокуратураның отіншіні Польшаның Әділет министрілігі қанағаттандырды. Қазіргі уақытта Астанадағы уақытша ұстау изоляторына қамалған ол қылмысы дәлелденсе 5 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Осы арада айта кететін тағы бір жәйт, ол Қазақстанға Польшадан экстрадицияланған алғаш адам болып отыр.

Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауында: «Алаяқтықтың көбеюіне байланысты азаматтардың наразылық білдіруі орынды. Бас прокуратура алаяқтыққа және қаржы пирамидаларына қарсы кешенді шаралар әзірлейтін болады» десе, араға тура 1 жыл салып 2022 жылы: «Интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттерге айрықша назар аудару керек. Құқық қорғау органдары мұндай қатерлерді анықтап, қылмыскерлерді құрықтау үшін ақпараттық-сараптама жұмысын күшейтуі қажет. Сондай-ақ, азаматтардың құқықтық және қаржылық сауатын жүйелі түрде арттырған жөн» дегенді айтқан еді.

Бас прокуратураның 2022 жылға арналған алаяқтық және қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл жөніндегі бірлескен іс-шаралар кешеніне – құқық қорғау және уәкілетті органдардың өзара іс-қимылын күшейту, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, цифрлық технологияларды енгізу, қолданыстағы нормативтік құжаттарды жетілдіру жөніндегі шаралар кірді. Соның нәтижесінде интернет алаяқтықтың саны 4%, интернет желісі арқылы шағын неселер беруге байланысты алаяқтықтардың саны 28%, қаржы пирамидаларын құру және басқару фактілері 27% төмендеді.

Мәселен, құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесі әмбебап сервисі жобасын іске асыру кибералаықтардың 10 қылмыстық тобын әшкерелеуге мүмкіндік берді. Ал интернет-алаықтарды ашу және Қазақстанның Еуропа Кеңесінің компьютерлік қосылу туралы конвенциясына қолысуы бойынша халықаралық ынтымақтастықты жандандыру жөнінде шаралар шеңберінде Украинаның Ұлттық полициясымен бірге телефон арқылы алаяқтық жасаған 32 адамнан тұратын халықаралық қылмыстық топ жойылды. Сондай-ақ, Бас прокуратураның Қаржылық мониторинг агенттігімен бірлескен әлеуетті қаржы пирамидаларын ерте анықтау тетігі де өз нәтижесін берді. Бұл бағыттағы жұмыстар аясында дивидендтер алу сылтауымен 580 салымшыны заңсыз тарту фактісі бойынша «GAP» компаниясының басшылары қылмыстық жауаптылыққа тартылды.

Ерлік ЕРЖАНУЛЫ,
«Заң газеті»



ТИІМДІ ЖҮЙЕ

Сот ісін жүргізу процесінде ақпараттық технологиялар енгізу туралы міндеттерді орындау мақсатында Жоғарғы Сот «сот кабинеті» электронды форматын әзірлеп, көптеген жұмыстар атқарылып келе жатқаны баршамызға ортақ. Жалпылай айтқанда, бұл соттардың электрондық нысандағы қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі.

Қазақстанның сот жүйесі сот ісін жүргізудің тиімділігі мен қолжетімділігін қамтамасыз етуде атқарған маңызды қадамдарының бірі «Сот кабинеті» электронды жобасын енгізу болды деп көміл айтуға болады. Бұл жүйенің көмегімен азамат, оның өкілі немесе адвокат интернет арқылы үйінен немесе кенесінен шықпай-ақ, өзіне ыңғайлы кез келген уақытта әділет органдарына жүгіне алады.

Сонымен қатар, «сот кабинеті» арқылы электронды түрде апелляциялық, арыздар, шағымдар мен өтінішхаттар дайындау және беру сияқты операцияларды жүзеге

асыруға болады; мемлекеттік бажды онлайн төлеу; қосылу және деректерді сақтау қауіпсіздігі сервисіне электронды сот құжаттарын, сондай-ақ, талап қою туралы ақпаратты, істің динамикасы мен бейнематериалдарды көруге, сақтауға және жүктеп алуға болады. Осы сервис арқылы сіз сотқа талап арыз бере аласыз; апелляциялық шағым/жеке шағым, сот актісін қадағалау тәртібімен қайта қарау туралы өтініш, сот актісін жандан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы өтініш, сот актісін қайта қарау туралы өтініш. Сот актісі, орындалмаған шешімнің

қушін жою, сот бұйрығының қушін жою туралы арыз және т.б.

Жоғарғы Соттың интернет-ресурсының «сот кабинеті» электрондық ақпараттық сервисін пайдалана отырып, сотқа электрондық құжаттарды беру тәртібі Қазақстан заңнамасына сәйкес әзірленеді. Осылайша, сот талқылауына қатысу үшін «Сот кабинетінің» қызметтерін пайдалануда электрондық шифрлық қолтаңбаны (УКО ЭЦК) алу және «сот кабинетінде» тіркеу рәсімінен өту қажет болып табылады. «Сот кабинеті» қызметіне кіру ЖСН немесе БСН, сонымен қатар пароль арқылы жүзеге асырылады. Ал бұл сервисің қызметтерін пайдалану шарттары өте қарапайым. Сот процесіне қатысушыға ҚР Ұлттық куәландыру орталығынан электрондық шифрлық қолтаңба алып, «Сот кабинетінде» стандартты тіркеу рәсімінен өту жеткілікті. Атап айтқанда, онша қиын процесс деп

тұжырымдауға келмейді. Тіркелу сәтті өткеннен кейін тұлға «Сот кабинетінің» негізгі бетіне оралу арқылы жүйеге кіріп, қажетті қызметті таңдай алады. Жаңа сервис процеске қатысушылардың іс материалдарымен танысу бойынша процессуалдық құқықтарын жүзеге асыруын айтарлықтай жеңілдету, сот құжаттарын зерделеуге кететін уақыт пен шығынды қысқарту мақсатында әзірленгенін айта кеткен жөн. Электрондық сервис аясында қатысушыларға сот құжаттарына онлайн режимде қол жеткізу, істің барысын толық бақылау мүмкіндігі қарастырылған, бұл сот процесінің ашықтығының артқанын көрсетеді. Қазіргі кезде, жоғары технологияларды енгізу өз алдына мақсат емес, олар заманауи сот төрелігінің атрибуттарына айналуы тиіс – мобильді, ашық және барлығына қолжетімді.

Қарлығаш СЕРІКБЕК

ЗАНДЫ СЫЙЛАУ – ЕЛДІ СЫЙЛАУ

«Заң адам пайдасына жазылады, адам заң үшін тұмайды ғой» деген екен Алаш арыстарының бірі Әлихан Бөкейханов. Қанша уақыт өтсе де өз мәнін жоғалтпаған осы бір тағалымның сөздің астарында заң мен тәртіпке деген құрметтің жатқаны анық.

Тәуелсіздігін алғаннан кейін Ата Заңымызды айшықтап, барлық қарым-қатынасты заң арқылы реттеуге тырысуымыздың да мәні осында. Өйткені, өркениетті елдерде кез келген түсінбеушілік заң арқылы шешіледі. Құқығы тапталған, мүмкіндігі шектелген азаматтар заңға арқа сүйгенде жеңіске жететінін түсінеді. Осылайша заңның пәрменіне көзі жеткен азаматтардың мемлекеттің ертіне, елдің болашағына деген сенімі ыңғаяды.

Қазақстанда да құқықтық мемлекет қалыптастыруға қатысты қарымды қадамдар жасалды. Халықтың көбі хат танып, қалам ұстамаған кезінде «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тоуке ханның «Жеті Жарғысы» секілді сауатты құқықтық заң қабылдауымен тарихта қалған бабаларымыздың ел ішіндегі дауды әділ шешуде қолданған ережелері ерекше. Көне заңдық құжаттардың өзі қазақтың бейбітшілікті сүйетін, кісі ақынның жемеуді басты қағида санайтын, адалдық пен теңдікті бағдар ететін ел екенін көрсетеді.

Бүгінгі Қазақстанның құқықтық алаңы да халықаралық талаптарға толық сәйкес келеді. Құқық қорғау, сот саласында жүзеге асырылып келе жатқан реформалардың негізгі міндеті – заң үстемдігін қалыптастыру, сотына, мемлекетіне сенетін қоғам орнату. Әрине, заң орындауымен ғана құнды. Ел мойындамаған, халықтың көңілінен шықпаған құжаттың өмірі қысқа. Сондықтан да, соңғы жылдары заңдарды жасап, дайындауға қарапайым халықты тартып, көпшіліктің пікірі мен ұсыныстарын зерделеу дәстүрге айналды. Бұл өз кезегінде азаматтық қоғамның құқықтық мәдениетін көтеріп, заң шығару ісіндегі белсенділігін арттырды. Мұның өзі азаматтардың заңдарды

дайындауда өз пікірі ескерілген, өзі белсене атсалысқан құжаттарды сыйлайтынын, заң шешіні шыңдауға тырысатынын белгілі.

Заңды сыйлайтын, тәртіпке бағынатын мемлекет қалыптастыруда құқықтық сауатты көтерудің де ықпалы ерекше екенін айтып кетуге болмайды. Ол үшін білім ордаларынан бастап, жоғары оқу орындарына дейін жастардың құқықтық білімін көтеруге ерекше ден қойғаны жөн. Заңды білген адам да заңсыздыққа бармайды. Сонымен қатар, заңға деген құрмет, мемлекеттегі әділдікке қатысты оң көзқарасты қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының да көмегі көп. Ақпарат өкілдері заңдарды танытырып, құжаттардағы жаңашылдықтар туралы үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізіп қана қоймай, заңды белден басудың салдарын да жұртшылыққа жеткізе білген жөн.

Ең алдымен құқықтық мәдениет дегеніміз – біздің заңға деген қарым-қатынасымыз. Демек, құқықтық мәдениет – адамзаттық мәдениеттің бір бөлігі. «Мына адамның мәдениеті төмен» деп қай кезде айтамыз? Егер адам қоғамдағы норма мен заңдылыққа құрметсіздік танытса айтамыз. Құқықтық мәдениеті төмен адам да дал солай. Ол заңға құрметсіздік танытады. Өзгелердің құқығын таптап, сыйламайды. Ал құқықтық мәдениеті жоғары адам Ата Заңды, өзгелердің құқығын бағалап, оны бұзбайды. Құқықтық мәдениеті дамыған қоғамда көпшілік заңды сыйлап, өз міндеттерін жете түсінеді. Бұзған жағдайда өздерін не күтін тұрғанын да жақсы біледі. Ал барлық халық заңды сыйлау – елдегі тыныштықтың, өзара сыйластықтың, дамудың кепілі екенін түсініп, теріс әрекет жасаудан аулақ болғанда әділдік салтанат құрапты, түтіні тузу ұшып, тірілгі тез оналатын мемлекетке айналарымыз анық. Сондықтан, болашағымыз жарқын болсын десек, заңды сыйлайық. Заңды сыйлау – өзінің, жақындарының құқығына құрметпен қараудан басталады.

Д.ТОЙЖАНОВА

АЛАЯҚТЫҚ: ҚЫЛМЫСТЫҢ ӨТЕУІ АУЫР

Қоғамда алаяқтық оқиғалар санаты азаяр емес. Бүгінгі таңда оның сипаты өзгеріп, интернетке, әлеуметтік желілер мен банк қосымшаларына да ене бастады. Бөтеннің мүлкін жымқыру ежелден халықтық таным-түсінікте де, әділ төрелікте де ұлкен қылмыс есебінде айыпталды. Қазақ баласына «біреудің ала жібін аттама, ұрлық жасама, елді алдама» деп өсиет, аманат еткен. Алайда, бүгінгі алаяқтық тамыры үзілмей келе жатқан ғасыр дерті.

Жалпы, ҚР Қылмыстық кодекстің 190-бабында алаяқтық істің сипаты мен денгейі сараланады. Алаяқтықты бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе біреудің сенімін теріс пайдалану жолымен бөтен мүлкіне ие болу дейміз. Соңғы жылдары осы санаттағы қылмыстардың артуына байланысты жаза қатаңдады. Алайда, өкінішке қарай оның сипаты да өзгеріп, алаяқтық көп ретте интернет қылмыстарға ұласты. Бүгінгі таңда сотқа келіп жатқан қылмыстар интернет арқылы біреудің мүлкін жымқыру, қаражаттың иемдену,

әр түрлі қаржылық пирамидалар, біреудің есепшоттарындағы ақшаны алаяқтық жолмен өзге біреуге немесе өзіне аудару секілді қылмыстар. Бұл санаттағы қылмыстарды жасайтындардың жас ерекшелігі мен жынысында да айырма болмай қалды. Қазіргі уақытта алаяқтықпен жастар да, орта жастағылар да, әйел адамдар да, балалар да айналысатын болды. Бірақ, ҚР заңдары әркез жаза басыушыларға (алмақтың да салмағы барын) ескертеді. Мәселен, алаяқтық қылмыстар ҚР Қылмыстық кодексінің 190-бабында мүлкі тәркіленіп,

1000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Алаяқтықтың сипаты өзгергенін сөз басында айттық, бұл қылмыс сонымен қатар топтық сипатта да жасалатынын ескерген жөн. Ол адамдардың алдын ала сөз байласуы немесе шендінің өз қызметін асыра пайдалануы, мемлекеттік сатып алулар мен тендерлер айналасындағы алаяқтықтар негізінде жүзеге асып жүр.

Егер айыпталушы осы санатқа жатқызылса, онда оның мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып не 4000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 1000 сағатқа дейінгі мерзімге

қоғамдық жұмыстарға тартуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Қазақ «Дәнікненен құныққан жаман» – дейді. Өкінішке қарай, жастардың онай табысқа бірден кенелгісі келетіні, әйел адамдардың сенімге тез кіретіні олардың алдағы бақытсыздықтарына себепкер болуда. Желі жолмен келген ас тамақтан тез өткенімен, оның ертеңгі сұрауы бірнеше жылдардың өтуіне кететіні өкінішті. Осы тұрғыда, қарапайым азаматтарға да желі жолмен ештененге келе қалмайтынын, банктер ешқашан төмендетілген пайызбен, кезексіз несиелер немесе баспана бере қоймайтынын түсінетін кез келді. Кезек қылжыту, табыс арқылы тесттерді сатып алу немесе алаяқтық санатына жататын өзге де қылмыстардың соңы ауыр жазаларға алып келетінін түсінетін уақыт туды.

Эльмира УРУНБАСАРОВА

ЭЛЕКТРОНДЫ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАҢА САТЫСЫ

«Сот кабинеті» – бұл электрондық ақпараттық сервис, ол сот органдарының онлайн сервисіне қолжетімді бірыңғай терезе, сот ісін жүргізуді жеңілдету және азаматтар үшін сот жүйесінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында іске асырылған. Осы терезе арқылы енді азамат, оның қорғаушысы, өкілі немесе заңгер кез келген ыңғайлы уақытта, үйінен немесе кенеснен шықпай-ақ, интернет желісі арқылы сот құжатын сондай-ақ, істің мәртебесін көре алады және сот актісін басып шығарып алуға мүмкіншілігі бар.

Сотқа жүгінген әрбір азамат «Сот кабинеті» арқылы арыз беру үшін «Халыққа қызмет көрсету орталығында» электронды шифрлы қолтаңба алуы қажет. Сот кабинеті сервисі арқылы заңды тұлғалардың мемлекеттік

баж төлеу мәселесі шешімін тапты, жеке тұлғаның төлем қарточкасы арқылы бажды төлеу, сондай-ақ, төлем құжатының сканерлен өткен көшірмесін беру мүмкіндігі бар. «Сот кабинеті» және «Сот құжаттарын танысу»

электронды сервистері Жоғарғы Соттың ресми сайтында іске қосылған. Аталған қызметтерді электронды шифрлы қолтаңбасы бар азамат тұтына алады. Қазіргі кезде «Сот кабинеті» сервисі арқылы талап арыздар 100 пайыз электронды түрде түседі. «Сот кабинеті» сервисі біртіндеп қағаз құжат айналымынан бас тартуға, ол өз кезегінде соттарда электрондық сот ісін жүргізудің жаңа сатысына көшуге мүмкіндік берді. Жоғарғы Соттың және жергілікті соттардың сайтында «Сот құжаттарымен танысу» сервисі іске қосылған. Аталған сервис сот өндірісінің жеделдігі мен қолжетімділігін қамтамасыз

ету үшін ҚР Жоғарғы Сотының сайтындағы электронды сот құжаттарымен танысуға мүмкіндік береді. Сотқа жүгінген азамат талап арызы тіркелгені туралы талон алады, бірнеше күннен кейін оның ұялы телефонына оның арызы бойынша сот құжаты шыққаны туралы хабарлама келеді. Бұл ретте азаматтар сот құжатын алуға сотқа барып уақытын кетіріп, қаражатын шығындап, әуреге түспейді. «Сот кабинетінің» мобильдік нұсқасы бүгінгі күні тамаша нәтиже беріп отыр.

Ә.ЖУНТАЕВА

ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚАЙСЫСЫ МӘМС ЖАРНАЛАРЫН ТӨЛЕУДЕН БОСАТЫЛДЫ?

Қанша жеке кәсіпкер міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төлем жасайды? Олар өз қызметкерлері үшін қандай көлемде аударым жасайды және жеңілдік санатына кіретін жұмысқарлар үшін төлем жасай ма? Осы және басқа да сұрақтарға біздің тілшіміз «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы Айгүл Аханова жауап берді.

«Жеке кәсіпкерлер міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға өз пайдасы үшін қанша төлем жасайды?»

«Жеке кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын азаматтар басқа да әлеуметтік аударымдармен қатар міндетті медициналық сақтандыруға белгіленген жарналарды төлейді. 2023 жылы осы санаттағы төлеушілер үшін жарналардың мөлшері ЕТЖ-ның 1,4 еселенген мөлшерінің 5%-ын немесе ай сайын 4 900 теңгені құрады. (70 000*1,4)*5% = 4 900 теңге.

«Қалай төлейді?»

«Жеке кәсіпкер ретінде өзі үшін МӘМС төлемін екінші деңгейдегі банктің кез келген бөлімшесі арқылы, оның ішінде мобильді қосымшалар арқылы, сондай-ақ «Қазпошта» АҚ, Касса 24 және Қиуі әмиян өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы аударуға болады. Төлем коды (ТК) – 122. Сіз ай сайын да, ұзақ мерзімде де алдын ала төлем жасай аласыз. 2-3 жұмыс күні ішінде қаражаттың қайтарылуын міндетті түрде тексеріңіз. Егер ЖСН немесе аты-жөні, төлем сомасы дұрыс көрсетілмеген болса немесе 10 ЕТЖ-дан асатын аударым базасы асып кетсе, жарналар қайтарылуы мүмкін.

«Жеке кәсіпкерлер ретінде жұмыс берушілер медициналық сақтандыруға қанша төлейді?»

«Егер жеке кәсіпкердің жалдамалы қызметкерлері болса, онда олар жұмыс беруші ретінде төлемдер бойынша жауапты болады. Аударымдар (жұмыс беруші қаражаты есебінен) – қызметкерлердің жалақысының 3% мөлшерінде, бірақ 21 000 теңгенден аспайды. Жарналар (қызметкердің жалақысынан ұстап қалу) – қызметкерлердің жалақысынан 2% мөлшерінде, бірақ 14 000 теңгенден аспайды.

«Қалай төлем жасауға болады?»

«Жеке кәсіпкер қызметкерлері үшін МӘМС төлемін банктің кез келген бөлімшесі, оның ішінде мобильді қосымшалар және «Қазпошта» АҚ арқылы аударуға болады. Төлем коды (ТК): 121.

«Егер жеке кәсіпкер жеңілдік санатына кіретін болса, МӘМС үшін ақы төлеу қажет пе?»

«Жеке кәсіпкер өзі немесе оның жалдамалы қызметкерлері келесі санаттарда болған жағдайда жарналар мен аударымдарды төлемейді: балалар (18 жасқа дейінгі); зейнетақы төлемдерін алушылар, оның ішінде Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері; «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даник» ордендерімен марапатталған көп балалы аналар; мүгедектер; орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында білім алатын адамдар.

«Декреттік демалыстағы әйел жеке кәсіпкер болса, МӘМС үшін төлем жасау керек пе?»

«Егер әйел жеке кәсіпкер болса, онда ол өзі үшін 4 900 теңге мөлшерінде белгіленген жарнаны төлейді. Бұл санаттағы әйелдер жеңілдік санатына кәсіпкерлік немесе еңбек қызметін жүзеге асырмайтын, табысы жоқ кезде кіреді. Егер жеке кәсіпкер жұмыс жасамаса (кірісі болмаса), онда салық органдарында кәсіпкерлігіңіз тоқтама тұру үшін тиісті рәсімдерді жүргізу қажет.

«Егер жеке кәсіпкер зейнеткер немесе мүгедек болса, ол медициналық сақтандыру үшін жарна төлеуі керек пе?»

«Жоқ. Мүгедектігі бар адамдар МӘМС жарналарын төлеуден толық босатылған азаматтардың жеңілдік санатына жатады, оның ішінде жеке кәсіпкер ретінде де. Сондай-ақ, Қазақстандағы қордан зейнетақы алушылар да МӘМС жарналарын төлеуден босатылады.

«Бір мезгілде жалдамалы қызметкер болып табылатын жеке кәсіпкер медициналық сақтандыруға жарна төлей ме?»

«Иә. Бұл жағдайда «МӘМС туралы» Заңның 28-бабының 3 және 5-тармақтарына сәйкес төлеуші өзінің жалақысының 2%-ын жалдамалы қызметкер ретінде және ЕТЖ-нің 1,4 еселенген мөлшерінің 5% - ын жеке кәсіпкер ретінде 4 900 теңге төлейді. Жеке кәсіпкер қызметі тоқтатылған жағдайда, ҚР Салық заңнамасына сәйкес, МӘМС жарналарын кәсіпкер ретінде төлеуші тиіс.

«Жеке кәсіпкерге МӘМС жарналарын төлемегені үшін өсіміңіз салына ма?»

«Иә. Төлем күнін қоса алғанда, мерзімі өткен әрбір күн үшін қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 2,5 еселенген мөлшерінде өсіміңіз есептеледі. Өсіміңізді болдырмау үшін жалдамалы қызметкерлері болса, жарналар мен аударымдарды уақтылы төлеу қажет. Есепті кезеңнен кешіктірмей, яғни кірістер төленген айдан кейінгі айдан 25-күннен кешіктірмеу керек.

«Жарналарды және (немесе) медициналық сақтандыру қорына аударымдарды төлеуден жалтарған жағдайда қандай шаралар қолданылады?»

«Мемлекеттік кіріс органдары (салық комитеті) аударымдар мен жарналардың уақтылы және толық есептелуіне және аударылуына бақылау жүргізеді. Егер жеке кәсіпкер жарналарды және (немесе) аударымдарды төлеуден жалтарса, әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Жұмыс берушілердің, жеке кәсіпкерлердің, жеке нотариустардың, жеке сот орындаушыларының, адвокаттардың, кәсіби медиаторлардың міндетті медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды төлемей, уақтылы және (немесе) толық төлеуі – ескерту жасауға әкеп соғады.

«Бір жыл ішінде ескерту қайталған жағдайда айыппұл салынады.»

«Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне МӘМС төленбеген, уақтылы және (немесе) толық төленбеген аударымдар және (немесе) жарналар сомасының 20%-ы мөлшерінде орта кәсіпкерлік субъектілеріне-30% мөлшерінде ірі кәсіпкерлік субъектілеріне-50% мөлшерінде.

«МӘМС жарналарын және/немесе аударымдарын төлеу кезінде жеке кәсіпкер нені есте сақтауы қажет?»

«Қаражаттың қайтарылмауы үшін алушының ЖСН мен аты-жөнін дұрыс көрсету керек; Міндетті түрде медициналық сақтандыруға төлемдердің қабылдануын 2-3 жұмыс күні ішінде тексеру қажет. Егер төлем қайтарылған болса, онда дұрыс ақпаратты көрсете отырып, төлемді қайта жүргізу қажет; Есепті кезеңнен кешіктірмей салық органдарына есептілікті дайындау және тапсыру керек; Өз жұмысқарларын МӘМС төлемінің аударылғаны туралы хабардар ету керек.

МӘМС

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ АУДАНДАРДА БОЛДЫ

Аққұм, Енбек, Аламесек, Жаңадария елді мекендерінің тұрғындарымен кездесулерде Қор мамандары міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің артықшылықтарын, МӘМС жарналары мен аударымдарын төлеу тәсілдері туралы айтып, ауыл тұрғындарының сұрақтарына жауап берді.

«МӘМС туралы» Заңның 2-тармағының 5-бабына сәйкес аударымдарды және (немесе) жарналарды төлемеген жағдайда адамдар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жүйесіндегі медициналық көмекті осындай аударымдарды және жарналарды төлеу тоқтатылған кезден бастап үш айдан артық алмайды. Бұл құқық адамдарды төленбеген кезең үшін Қорға жарналар төлеу міндетінен босатпайды. Яғни, еңбек демалысы кезінде бухгалтерия қызметкерді жұмыстан босатылуын немесе жалақы сақталмайтын демалыс кезеңін қоспағанда, әрбір кезең үшін МӘМС-ға аударымдарды және жарналарды төлеу міндетті. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексінің 92-1-бабына сәйкес, жұмыс

берушілердің, дара кәсіпкерлердің, жеке нотариустардың, жеке сот орындаушыларының, адвокаттардың, кәсіби медиаторлардың міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және жарналарды төлеуі, уақтылы және толық төлеуі түрінде орындауы не тиісінше орындауы – ескерту жасауға әкеп соғады. Бір жыл ішінде қайталап тәртіп бұзған жағдайда төлеушіне айыппұл салынады.

Бақыт Исмаханбетов шаруа қожалықтарының басшылары 2023 жылы жеке кәсіпкер ретінде ай сайын 4900 теңге (1,4 ЕТЖ-дан 5%) төлеуі тиіс екенін еске салды. Қызметкерлер үшін аударымдар 3% құрайды, ең жоғары сома 21 мың теңгенден аспауы тиіс. Қызметкердің

жалақысынан жарна - 2%, ең жоғары сома 14 мың теңгенден аспауы тиіс. Жалағаш ауданында 17449 адам тұрады, оның 5286-сы МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған. Бұл аудан халқының жалпы санының 30% - дан астамын құрайды.

Сырдария ауданының тұрғындарымен кездесу барысында тұрғындар тарапынан бірқатар сұрақтар қойылды. Мысалы, жыл сайын МӘМС-ға аударымдар мен жарналардың мөлшерлемелері қандай негізде көтеріледі? Қор филиалы директорының айтуынша, жыл сайынғы төлемдер сомасы «Республикалық бюджет туралы» Заңға сәйкес ең төменгі жалақының бекітілген деңгейіне байланысты өзгеріп отырады. 2023 жылы ЕТЖ мөлшері 60 мыңнан 70 мың теңгеге көтерілді. Тиісінше, дербес төлеуші МӘМС-ға ай сайын 3 500 теңге аударды (1 ЕТЖ-нің 5%). Егер емхана қажетті медициналық қызметті көрсете алмаса, науқас медициналық сақтандыру қорын жеткізушілер арасынан басқа медициналық ұйымды таңдауға құқылы. Аймақта олардың саны 100-ден асады. Ең бастысы – жергілікті дәрігердің

негізделген жолдамасы болуы керек.

Қор спикері ауыл тұрғындарына БЖТ төлеу тиімді екенін атап өтті. Бірыңғай жиынтық төлем бір айлық есептік көрсеткіш көлемін құрайды. Осы жылы елімізде АЕК мөлшері – 3 450 теңге. Осыған орай, республикалық және облыстық маңызы бар қала тұрғындары ай сайын 3 450 теңгенден, ал басқа елді мекендердің азаматтары 1 725 теңге, яғни 0,5 АЕК. Жалпы БЖТ-ға мыналар кіреді: 10% – жеке табыс салығы; 20% – әлеуметтік аударымдар; 30% – міндетті зейнетақы жарналары; 40% – міндетті медициналық сақтандыруға аударымдар. МӘМС жүйесінде «Сақтандырылған» болу үшін 3 ай қатарынан БЖТ төлем болу керек. Төлем 3 ай енгізілгеннен кейін ғана мәртебе беріледі. Сырдария ауданында 18 090 тұрғынның 5 271-і сақтандырылмаған. Бұл аудан халқының жалпы санының 28,2% құрайды.

Айгүл АХАНОВА,
Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы

2023 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАНТАРЫНАН БАСТАП ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕКТІ КІМ ЖӘНЕ ҚАЛАЙ АЛА АЛАДЫ?

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры стоматологиялық қызмет көрсету үшін стоматологиялық клиникалармен тікелей келісімшарттар жасай бастады. Бұрын шарт емханалар арқылы жасалып келді. Бұл пациенттерге әсер ете ме, Қормен жұмыс жасайтын клиникаларды қалай табуға болады, тісті емдеуге жолдама керек пе, осы және өзге де өзекті сұрақтарға ЭМССА КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов жауап берді.



«Биыл МӘМС есебінен стоматологиялық қызмет көрсету бойынша не өзгерді?»

«Стоматологиялық көмек көрсету процесінде еш өзгеріс жоқ, пациенттер бұрынғыдай медициналық көмек алады. Тек келісімшартқа отыру әдісі яғни шарт жасасу жағы өзгерді. Бұған дейін стоматологиялық клиникалар өзара шарқта отыру арқылы қосалқы мердігер ретінде медициналық қызмет көрсетсе, 1 қаңтардан бастап Қор көрсетілетін қызметтер көлемін бақылау, сапасына мониторинг жасау үшін тікелей осы клиникалармен шартқа отырады. Демек енді стоматологиялық клиникалар өздерінің қанша қызмет көрсеткенін және Қормен келісімшарт бойынша қанша қызмет көрсететінін өз бетінше қадағалау отыру керек. Бұрын бұнымен артылған жүктемеге қарамастан пациенттің тіркелген емханасы айналысы келді. Салдарынан пациент алмаған медициналық қызметті алды деп жазатын жағдайлар кездеседі. Қор сарапшылары бұны мониторинг жасаған кезде медициналық құжаттардан анықтайды.

«Қазір стоматологиялық көмекті кімдер ала алады?»

«МӘМС жүйесіндегі немесе ТМҚК шеңберіндегі стоматологиялық қызметтер барлығына емес, халықтың жеделген әлеуметтік осал санаттарына ғана қолжетімді. Мысалы, жоспарлы стоматологиялық көмекті тек балалар мен жүкті әйелдер ғана ала алады. Қатты ауырсыну кезінде азаматтардың 10 санаты, оның ішінде балалар мен жүкті әйелдер, зейнеткерлер, мүгедектігі бар адамдар және оларға күтім жасайтын жұмыс істемейтін адамдар, оның ішінде мүгедектігі бар

немесе бірінші топтағы мүгедектігі бар балалар, әлеуметтік маңызы бар және жұқпалы аурулары бар пациенттер, көп балалы аналар, атаулы әлеуметтік көмек алушылар және басқалар шұғыл көмек ала алады.

«Стоматологиялық қызметтерді алу кезінде белгілі бір медициналық ұйымға тіркелу маңызды ма және стоматологиялық клиникалар "өз" емханаларына тіркелуді талап ете ала ма?»

«Жоқ, талап ете алмайды. Қазір біз әлеуметтік желілерде стоматологиялық клиникалардың хабарламаларын көріп отырмыз. Олардың айтуынша, Қор қаржыландыруды қысқартып, қызметтер шектеулі мөлшерде немесе стоматологиялық клиникада тек белгілі бір емханаға тіркелген азаматтардың санатына ғана көрсетілетін болады. Әйтпесе ақылы негізде көмек алу ұсынылады. Бұл ақпарат тыңдыққа жанаспайтын айту керек. Бізге осы мәселе бойынша көптеген шағым келіп тұр. Қор оларды қарап, пациенттердің құқығын қорғау бойынша тиісті шаралар қабылдайды.

«Стоматологиялық қызметтерді алу үшін емханадан жолдама алу керек пе? Емханадан жолдама керек емес. Ең бастысы, пациент МӘМС немесе ТМҚК аясында стоматологиялық көмек алушылардың санаттарының біріне кіруі керек және медициналық көрсеткіштері болуы тиіс.»

«МӘМС есебінен стоматологиялық қызметтерді алу үшін сақтандыру мәртебесі қажет пе?»

«Егер медициналық қызмет МӘМС тізімінде кірсе, мысалы жоспарлы медкөмек алу үшін сақтандыру мәртебесі міндетті түрде керек. Егер

қызмет ТМҚК тізімінде болса, мысалы, қатты ауырсыну болса, онда мәртебе қажет емес және медициналық көмектегі тегін көрсетіледі. Пациенттер барлық медициналық қызмет түрлерін тек медициналық көрсеткіштер бойынша ғана ала алады.

Сондай-ақ, жоспарлы стоматологиялық көмек алушылар балалар мен жүкті әйелдер екенін атап өткен жөн. Балалар – мемлекет жарна төлейтін азаматтардың бірінші жеңілдік санаты. Сонымен бірге жұмыс істемейтін жүкті әйелдер де жеңілдік санатына кіреді.

«МӘМС есебінен қандай стоматологиялық қызметтерді алуға болады?»

«Негізгі көрсетілетін медициналық қызметтердің тізбесі ауқымды. Кәсіби тілмен айтқанда, стоматологиялық клиникалар амбулаториялық деңгейде консультациялық-диагностикалық қызметтер мен манипуляциялар жүзеге асырады. Мұнда пломба, тісті жулу және жансыздандыру қызметтерін алуға болады. Сондай-ақ МӘМС аясында жак-бет аймағының туа біткен патологиясы бар балаларға амбулаториялық деңгейде ортодонтиялық пластина орнатылады. Егер пациенттің стационарлық жағдайда стоматологиялық көмек алуға қорсеткіштері болса, онда ол ауруларды диагностикалық және емдеу қаттамаларына және Қазақстан Республикасында стоматологиялық көмек көрсету үшін ұйымдастыру стандартына сәйкес көрсетілетін болады (Ескерту: ҚР ДСМ 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 1053 бұйрығы).

«Стоматологиялық клиниканы өздігінен таңдауға бола ма?»

«Иә, болады. Тек бұл клиника Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жеткізушісі болып табылатындығын анықтаған жөн. Жеткізушілердің тізімін fins.kz ресми сайтынан көруге болады немесе клиниканың өзінен сұрау керек.

«Қазір емханаларда стоматологиялық көмек қарастырылған ба және оған кім жүгіне алады?»

«Тіпті жабықтары мен мамандар бар емханаларда стоматологиялық көмек алуға болады. Мұнда тек осы емханаға тіркелген азаматтар ғана емес, басқа жерде тіркелген азаматтар да көмек ала алады. Ол үшін тіркеу бөлімі арқылы қабылдауға жазылу керек.

«Егер пациентке МӘМС есебінен стоматологиялық қызмет көрсетуден бас тартса немесе толық көлемде медициналық көмек көрсетілмесе не істеу керек?»

«Бұл жағдайда сіз осы клиниканың пациенттерді қолдау қызметіне хабарлауыңыз керек немесе Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы немесе 1406 нөмірі арқылы Медициналық сақтандыру қорына хабарласуыңыз керек.

Ж.ҚАСЫМ

«ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНЫҢ СӘУЛЕТ, ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСШЫСЫНЫҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№ Рр/с	Басшының аты-жөні	лауазымы	Қабылдайтын күндері	Уақыты
	Ахметов Орман Айтмағанбетұлы	Бөлім басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күндері	Сағ. 15:00-ден 17:00-ге дейін

С Е Н І М Т Е Л Е Ф О Н Ы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Әдеп Кодексінің (Қағидаларының) талаптарын жүзеге асыру мақсатында бөлімнің қызметкерлері тарапынан құқық және заң бұзушылық әрекеттері орын алған жағдайда, Жаңақорған кенті Амангелді көшесі №44 - мекен-жайындағы гимназия орналасқан аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінде 22-3-24 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Өбіпай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Бас редактор
Сыдықова
Жанар
ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 - бр, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Қызылорда қаласы,
Байтұрсынов
көшесі 46/36
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 ұй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетінде жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 5920 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №49

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/